

№18 Ә Құрмантаев атындағы жалпы орта мектебі КММ бойынша

Қамқоршылық кеңесінің отырысы

Хаттама №4

Ақбұлақ ауылы

06. 10. 2021жыл

**Күн тәртібінде :**

2021-2022 оқу жылында «Жалпыға бірдей міндетті білім қорынан» беріліп жатқан оқу құрал жабдықтарын оқушыларға тарату туралы.

**Тыңдалды:** Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Е Қуандықов сөз алып, мектеп директорының атына ата- аналар тарапынан оқу құрал жабдықтарын беру үшін өтініш келіп түскендігін айтып өтті.

**Тыңдалды:** ДТІЖО М. Керимов сөз алды, ол сөзінде мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай ақ МАӘК алмайтын жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушыларға жартылай жетім, көп балалы, аз қамтылған отбасы балаларына «Қамқоршылық кеңес» өз отырысында оқушылардың жағдайына қарай отырып, оқу құрал жабдықтары кімге берілетінін шешу керек екендігін айтып өтті.

**Тыңдалды:** Әлеуметтік педагог Ж Джумаханова сөз алып 100(жүз) оқушының тізімін оқыды. 100(жүз) оқушының ішінде 83 (сексен үш) оқушы МАӘК алатындар (уведомление алып келген оқушылар), 16 (он алты) оқушы тұрмысы төмен, жартылай жетім, көп балалы, аз қамтылған отбасы және 1(бір) ата-ана қамқорлығынсыз қалған оқушылардың ата- аналарынан өтініш келіп түскенін және осы ата-аналардың үйлеріне барып тұрмыстық үй жағдайын көріп келгендіктерін айтып өтті. Осыған байланысты төмендегі оқушылар оқу құрал жабдықтарымен қамтамасыз ету керектігі айтылды. МАӘК алмайтын жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушыларға, жартылай жетім, жалғыз басты аналар, көп балалы отбасы, аз қамтылған отбасы оқушыларының ата-аналарынан өтініштер келіп түскенін, комиссия құрылып, отбасындағы табысты жан басына шаққанда орта күнкөріс минимумынан төмен болғанын растап, тізімдегі 100 (жүз) оқушы оқу құрал жабдықтарымен қамтамасыз етілуін ұсынылды.

**Қаулы:**

1. Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасы балаларына және атаулы әлеуметтік көмек алмайтын жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күн көріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушыларға, жартылай жетім, көп балалы отбасы, аз қамтылған отбасы оқушыларына оқу құрал жабдықтарын алу үшін 100 (жүз) оқушының тізімі жасалып, тізімдегі оқушылар жекелеген санаттарына қарай оқу құрал жабдықтарымен қамтамасыз етілсін.

2. Оқушылардың іс құжаттарын дайындау әлеуметтік педагог Ж.Джумаханова, әлеуметтік талдаушы В.Жайлаубаеваларға жүктелсін.

3. Оқушыларға оқу құрал жабдықтарын тарату әлеуметтік педагог Ж.Джумаханова, әлеуметтік талдаушы В.Жайлаубаеваларға жүктелсін.

Қамқоршылық кеңес төрағасы:  Е.Қуандықов

Ата-аналар комитетінің төрағасы:  Ә.Үсіпбеков

Әлеуметтік педагог:  Ж.Джумаханова

Әлеуметтік талдаушы:  В. Жайлаубаева